

ТҮЙТКІЛ

ДӘРІГЕР ЖАЗАСЫН ЖЕҢІЛДЕТУ ДҰРЫС ПА?

Ақтөбеде жанжал. Ақ халатты абзал жандар оқушыларға салатын екпені шатастырып алған. Рауан ауылындағы орта мектептің 1-сыныбында оқитын қырық балаға манту сынамасының орнына туберкулезге қарсы вакцинаны салыпты. Облыстағы денсаулық сақтау басқармасының басшылары осындай жағдайдың орын алғанын мойындап отыр. КТК телеарнасының хабарлауынша, құқық қорғау органдары тексеруді бастапты.

(Жалғасы 3-бетте)



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Хәкім Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» дейді. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» дейді қазақ. «Даланың иісі бұрқырап» жүретін қарттарының амандығын тілейтін тілеулес елдің бүгінгі қариясын асырайтын орталықтар да бар бізде. Соның бірі – Алматыдағы «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы. 1 қазан – Қарттар күні қарсаңында орталық басшысы Тұрарбек Тұманшиев мырзадан сұхбат алып, дидагласып қайттық.



Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ, «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры:

БІР-БІР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР МҰНДА

Jas qazaq: Орталықтың қазіргі тынысы туралы білмекке келдік, қысқаша хабардар етсеңіз.

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Біздің орталықта 263 адам бар. Олардың ішінде екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан бір майдангеріміз бар. Тыл ардагерлері – 29, соғыс ардагерінің жұбайы – 1 адам, Ауған соғысының ардагері – 1, «Невада-Семей» қозғалысына қатысқан 3 адам бар. Бұл кісілерден сырт, 149 зейнеткер адам бар. Олардың 84-і – мүмкіндігі шектеулі жан.

Jas qazaq: Бұрын қарттар үйі аталған орталықты бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандар да бар ғой, демек?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Иә, бұрын «Ардагерлер үйі» деп аталған орталығымыз бүгінде «Шаңырақ» әлеуметтік қарттар және мүмкіндігі шектеулі жандар үйі.

(Жалғасы 5-бетте)

БАСТАН ӨТКЕН ОҚИҒА

ТӨРТ ПАЙЫЗБЕН КӨЛІК АЛДЫМ!

ДИСКЛЕЙМЕР: Бұл жазба 18 жастан асқандарға, жүргізуші куәлігі барларға, көлік алғысы келетіндер мен жаяу жүріп шаршағандарға арналады.



Көптен күткен көлік тақымға тиді. 4-5 айдан бері табанымнан тозып жүріп, ақыры 4 пайызбен темір тұлпар алдым. Көлік көзегі келгенге бір қуанып, банктен несие бергенге тағы қуанып жүргенде жарты жылға жуық уақыт өте шықты зырғып. Жеңілдетілген автонесие деп министрлердің мінберде отырып, айта салғаны оңай болғанымен, бюрократиялық кедергілері көп екен бұл бағдарламаның. Екіншісі қолы жетпей жатқаны сондықтан деп ойлаймын. Хош. Енді 4 пайызбен көлік алу жолында қандай қиындықтар кездесетінін және не істеу керектігін айтайын. Сөбебі бұл бағдарлама ашылғанына бес ай болса да көпшілік шарттары мен жолын білмейді екен.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЛҒА

«САУСАҒЫМЕН ОТ КҮРЕГЕН ШЕРХАН АҒА... ДАРХАН АҒА... ШЕРАҒА!..»

Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
87,39

DOLLAR
476

EURO
457

РУБЛЬ
7,6

СІЗДІ ҚАРСЫ АЛУ –
БІЗ ҮШІН БАҚЫТ

Орталық Азия мен ТМД-дағы
ең үздік әуекомпания

air astana

ЗАҢ ЖОБАСЫ

«Біз жастардың дамуына жол ашып, өмірден, қоғамнан өз орнын табуына мүмкіндік беріп, жағдай жасауымыз керек». Мәжілісте талқыланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымға ұсынған ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі осылай деп атап көрсетті.

сауатын арттыру және жастар арасында волонтерлікті дамыту. Үшіншіден, заң жобасы аясында NEET санатындағы жастар санын азайту көзделген. Ол үшін салалық орталық мемлекеттік органдардың құзыреттерін толықтыру ұсынылады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – жұмыссыз жастармен; Оқу ағарту және Ғылым мен жоғары білім министрліктері – біліктілікті арттыру және қайта даярлау іс-шараларымен; Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – жастар ресурстық орталықтары арқылы жастармен кешенді жұмыс жүргізіп, салааралық үйлестіру және ақпараттандыру ісіне жауапты болады.

арттыруға мүмкіндік береді деп санаймыз», – деді Дархан Қыдырәлі. Сондай-ақ ол Мәжілісте жаңа ұғым – NEET санатына қандай жастар енетінін түсіндірді: «Елімізде жұмыссыз және оқудан шығып қалған жастар көп екені белгілі. Бұл мәселе заң жобасында кеңінен қарастырылған. Атап айтқанда, NEET санатындағы жастарды біз 4-ке бөлуді қарастырдық. Біріншісі – жұмыссыз, оқудан, колледждер мен мектептерден шығып қалған жастар. Біз оларды анықтаймыз, халықты жұмыспен қамту орталықтарынан деректері алынады. Екінші санатта – жұмыс істей алатын мүгедек жандар, үшінші санатта – түрлі

Әлеумет.т⁰

«БІР ЕЛІ АУЫЗҒА – ЕКІ ЕЛІ ҚАҚПАҚ»

Ғаламат жазушымыз Ғабит Мүсірепов «Жиырма төрт сағатта» әңгімесінде казактын «ұзынқұлағы» туралы былай деп жазған: «Қандай хабар болса да Орынборға жетуі мұн, одан әрі шексіз-шетсіз казак даласына ұзынқұлақтың өзі алып кетеді. Телеграммалар кешігеді, пойыздар кешігеді, уәкілдер кешігеді. Ұзынқұлақ ондайды білмейді. Кейде тіпті Орынбордың өзі орта жолда қалып, Москва, Париж, Лондон хабарлары атқа, түйеге мінгесіп алып даланы шарлап кетіп бара жатады».

Осыдан кейін «ойпырмай, ата-әжелеріміз әлеуметтік желісіз қалай өмір сүрген» деп айтып көріңіз!

Бүгінгінің ұзынқұлағы – әлеуметтік желіде. Еріккен де, желіккен де осында.

Өткенде Қызылордада тұратын бір келіншек су жағасында демалып отырғандардың видеосын TikTok-та жариялап, «Жалға беру бағасын 500 мыңға көтеріп, бізді пәтерден қуып шықты» деп байбалам салды. Полиция мән-жайды тексергенде, қуып шыққан түгі де жоқ. Үйлі-күйлі, «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» біреу екен. 26 жастағы еріккен әйел «қалжыңдап едім» құтылыпты. Әйтсе де, көп адамның көкейіне күдік ұялатып үлгерді.

Терістік көршіміз әскерге ішінара шақыру туралы жариялауы сол екен, бермен қарай жөнкілгендер туралы ақпарат желідей есті. «Алматының қонақ үйлері лық толыпты», «Пәтер иелері жалға алғандарды қуып, одан қымбат бағаға өткізіп жатыр» деген айқай, «рессейліктер жұмыс орнымызды тартып алады деген «ойбай» көбейді. Бұл айқайға блогер тұрмақ, кейбір саясаттанушылар кикү қосып жатыр. Алматыдағы қонақ үйлердің өткен жексенбіде жезтандай әншіміз Димаштың концертіне шетелден лек-лек болып жеткен жебеушілердің есебінен лық толғаны лезде «ұмыт» болды. Бір халық қалаулысы Фейсбук парақшасына еліміздің солтүстігінде шекара жабылғаны туралы жазды. Оны сенсацияға сусап отырған бірді-екілі ақпарат құралы іліп әкетті. Көп ұзамай бұл ақпаратты шекара қызметі теріске шығарды.

Обалы не керек, құзырлы мекемелердің ресми (яғни шынайы) мағлұматы іле-шала жарияланып отырды. Бас прокуратура жекелеген блогерлердің ақпаратына сенбеуге шақырып, үндеу жасады. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді қасақана жариялауы мүмкін екенін ескерткен Бас прокуратура жұртты ресми ақпарат көздеріне сенуге, түрлі іс-әрекеттерге бармауға шақырады. Ұлтаралық араздықты қоздыруға, бопсалауға, көрінеу жалған ақпарат таратуға бағытталған бұл әрекеттер қылмыстық әрекет болып саналады. Қылмыстық кодекстің 174, 194 және 274-баптары бойынша жауап береді.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі шынайы ақпарат таратуда журналистер қауымына артылар жауапкершілік жүгінің салмақты екенін ескертті. «Әсіресе, қалам мен сөзге серт берген әріптестеріміз – журналистер қауымы ақпарат таратуда кәсібилік көрсетіп, жалған мәліметтің жетегінде кетпейді деп сенемін. Себебі мұндай толқымалы кезеңде әр ақпараттың мәні, маңызы өте зор. Осы орайда жұртшылықты тек ресми деректерге сенуге шақырамын. Біз салалық министрлік ретінде тиісті ақпарат беруге даярмыз», – деді. Министрдің бұл сөзі жазарман қауымнан басқаларға, яғни жұрт алдында жүрген депутат, саясаттанушы сияқты азаматтарға да қатысты деп ойлаймыз. Бүгінгі сөз қуған заманда «Бір елі ауызға – екі елі қақпақ» керек.

Гүлнар АХМЕТОВА

«Мемлекет Басшысы қоғамның саяси және экономикалық трансформациясы, сондай-ақ табысты және әділ Қазақстан құру бағытында ауқымды міндеттер қойып отыр. Бұл процестердегі жастардың орны айрықша. Өйткені ел халқының 20 пайыздан астамы – жастар. Бұл заң жобасы осы бағыттағы мемлекеттік маңызы бар құжаттың бірі деп білемін. Сондықтан жастарымыздың білім алуы, жұмысқа орналасуы, денсаулығы, өзін-өзі дамытуы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне толыққанды қатысуы үшін тең мүмкіндік пен қолайлы жағдай жасау – кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе», – деді министр Мәжілістің жалпы отырысында. Әсіресе, ауыл жастары мен әлеуметтік жағдайы төмен жастар басты назарда болуы қажет. «Сондықтан жаңа өндіріс орындары мен жаңа жұмыс орындарын ашып жатқан белсенді әрі бастамашыл жастарды, жас кәсіпкерлерді қолдау да – күн тәртібіндегі маңызды іс», – деп атап көрсетті министр.

Президенттің жастар жылы аясында берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленген заң жобасының 4 негізгі бөлігі бар. Біріншіден, заң жобасында «Жастардың даму индексі», «Жастардың әлеуметтік қызметтері», «Уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET)», «Жастармен жұмыс жөніндегі маман», «Жастардың еңбек жасақтары», «Жастар ресурстық орталықтарының функцияларын кенейту» ұғымдарын заңнамалық бекіту ұсынылады. Екіншіден, жастар саясатының негізгі бағыттары қосымша екі бағытта қарастырылған: жастардың цифрлық



Төртіншіден, заң жобасы аясында ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құзыретін былайша толықтыру қарастырылған:

- жастармен жұмыс жөніндегі мамандарға үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және оны бекіту;
- жастар еңбек жасақтарын ұйымдастыру және мониторингтеу қағидаларын бекіту;
- жастарды дамыту индексін және оны қолдану ережелерін енгізу.

«Заң жобасын қабылдау мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін

созылмалы аурулармен ауыратын немесе алкоголь және басқа да зиянды нәрселерге тәуелді, белсенді емес жастарымыз бар, ол жастармен де жұмыс істеуді қолға аламыз». NEET бойынша төртінші санатқа үй шаруасындағы жастар, көпбалалы немесе жалғызбасты аналар енеді.

«Ең алдымен, олардың өмірлердегі аумақтық санын анықтаймыз, қазақстандық есептеу тәсілімен индекске енгіземіз және жұмыспен қамту шараларын қолға аламыз», – деді Дархан Қыдырәлі.

Талап
ТІЛЕГЕН

2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
ӨР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ
20 ҚАРАША 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІГІНЕ
КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ

Кандидат тұмысынан Республика азаматы болып табылатын;
Қырық жасқа толған;
Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;
Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;
Жоғары білімі бар;
Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;
Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.
Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады.
Кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.
Кандидаттарды тіркеу 2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА
ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО
20 НОЯБРЯ 2022

О ТРЕБОВАНИЯХ К КАНДИДАТУ В ПРЕЗИДЕНТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Кандидат должен быть гражданином Республики по рождению;
Быть не моложе сорока лет;
Свободно владеть государственным языком;
Проживать последние пятнадцать лет в Казахстане;
Иметь высшее образование;
Иметь опыт работы на государственной службе или на выборных государственных должностях не менее 5 лет;
Обладать активным избирательным правом.
Кандидаты выдвигаются республиканскими общественными объединениями.
Выдвижение заканчивается в 18:00 ч. 11 октября 2022 г.
Регистрация кандидатов осуществляется до 18:00 ч. 21 октября 2022 г.

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан



Бастан өткен оқиға

(Басы 1-бетте)

4 пайызбен көлік алу үшін ең алдымен өзіңізге ұнаған темір тұлпардың (*турін, түсін, маркасын*) тандап, көлік салонына барып кезекке тұру керек. Бірақ кезектің көптігіне байланысты дилерлік орталықтағы менеджерлер кезекке қоймаймыз деп кезгелері кері тартуы мүмкін. Бұл заңсыз. Табандап тұрып

автонесиеге бөлген 100 млрд тенге түгесілді. Сондықтан банктер енді револьверлік (*яғни мен сияқты көлік алып, солардың ай сайын несиесінен түскен қаражат*) жүйе арқылы несие беруді бастайды. Қолымдағы мәлімет бойынша, револьверлік жүйе 4 қазан күні ашылады деген болжам бар. Осы ақпаратты аңдып отырып, түске дейін ұйықтамай ерте тұрып, банкке жүгірсеңіз, жеңілдетілген пайызбен көлік алуға мүмкіндігіңіз едәуір артады.

жүргенім де сондықтан. Ал 4 пайызбен алсаңыз, ешқандай алғашқы жарна құймайсыз. Тек тандаған көлігіңіздің бағасы 10 млн тенгеден жоғары болса, үстіндегі айырмашылықты ғана өз қалтаныздан құясыз. Қалғанын банк береді. Ай сайынғы төлемі де анағұрлым арзан. Мәселен, 10 миллион тенгеге көлік алсаңыз, айына шамамен 130 мың тенге төлейсіз. 7 жылдағы үстеме — небәрі 1 миллион 400 мың тенге.

Көлік кезегіңіз келіп, банктің мақұлдауымен шаруа бітпейді. Шапқылаудың көкесі осы кезде басталады екен. Салондағы менеджер көлігіңіздің құжаттарын қолтықтатып, АвтоХҚО-ға жібереді. Ол жерде мемлекеттік нөмір мен техпаспорт алуға шамамен 13 мың тенге төлеп, айналасы 90 минуттың ішінде су жана көлігіңізді өз атыңызға рәсімдейсіз. Ең қызығы, жеңілдікпен көлік алғандар барлық құжат рәсімдеу шаруасымен өзі жүгіруі тиіс. Жоғарыдағылар «онсыз да арзан пайызбен ақша бердік, бәріне өзін салпақта» деген қағиданы қатаң ұстанған сияқты. Ал стандартты автокредит рәсімдесеңіз, бұл шаруаның бәрін банктің курьері жасайды. Сіз шікірейіп, шырт

күні ішінде дайын болады екен. Бірақ ол жерде де делдалдар толып жүр. Мұртын майлап, сұрағанын қалтасына сүнгітіп жіберсеңіз, 15 минутта дайындап береді. Сонда 15 минутта жасалатын шаруаны не үшін үш жұмыс күні деп қиындатып жіберген? Әлде бұл ақша жасаудың тағы бір тың тәсілі ме? Ең соңғы кезең — КАСКО. Енді алған көлігіңізді бір жылға сақтандыруыңыз керек. Бұл шамамен 120 мың тенге. Құдай бетін аулақ қылсын, тұлпарыңызға зақым келсе, КАСКО барлық шығынды өтеп береді. Міне, осы қиындықтар мен кедергілерді ерінбей өтіп шықсаңыз, армандаған темір тұлпар тақымыңызға тиеді. Шыдамдылық танытып, 3-4 ай жүгірсеңіз, 8-9

ТӨРТ ПАЙЫЗБЕН КӨЛІК АЛДЫМ!

алсаңыз, сізді міндетті түрде көлік кезегіне қояды. Қазір еліміздегі көлік өндірісінің асқап тұруына байланысты кезегіңіз 6-9 айда келуі мүмкін. (*Ешкімнің мұртын майламай, көк тиын бермей, кезегіңізді төзіммен күтсеңіз, әрине*). Өйткені мен өткен бес айда Алматы қаласындағы барлық көлік салондарын шарлап шықтым. Қазакстанда құрастырылатын да, шетелден тасымалданатын танымал брендтердің техникасы да еркін сатылымда жоқ. Тіпті қолма-қол ақшаға аламын десең де, көлік құнының 20 пайызын құйып, 3-6 ай күтуге тура келеді. Кейбір дилерлік орталықтарда көлік кезегіңізді телеграмм-бот арқылы күн сайын бақылап отыруға болады. Кезегіңіз келіп, тандаған көлігіңіз дайын деген хабарлама алсаңыз, бұл жартылай жеңіс. Бірақ қуануға әлі ерте.

Енді сарыла күтіп жеткен көлігіңізді несиеге рәсімдеу үшін банктен 4 пайызбен ақша береміз деген кепілхат (*гарантийное письмо*) керек. Осы бір жапырақ қағазды алу үшін банк жеті атаныздан бастап үрім-бұтағыңыздың несие тарихын түгел тексереді. Төлем қабілетіңіз жетіп тұрса, банктерді бұрын «лақтырмаған» («қара тізімге» кірмеген) болсаңыз, кепілхат аласыз. Бірақ дәл қазір 4 пайыздық

4 ПАЙЫЗБЕН КӨЛІК АЛҒАН ТИІМДІ МЕ?

Әрине, тиімді. Мәселен, мен маусым-шілде айында 4 пайыздан күдер үзіле бастағанда қарапайым автонесие береді деген банктердің бәріне бардым. Басқалармен салыстырғанда пайызы ең арзаны «БанкЦентКредит екен». Бірақ оның өзі онып тұрған жоқ. Жылдық тиімді мөлшерлеме — 19,5%. Алатын көлігіңіздің он пайызын алғашқы жарна ретінде қуя керек. Мәселен, 10 млн тенгеге көлік алсаңыз, 1 млн алғашқы жарна төлейсіз. қалған 9 млн теңгені 7 жылға бөлгенде, ай сайынғы төлем 229 мың тенгеден шықты. 84 айдағы үстеме (*переплата*) шамамен 10 миллион тенге. Демек бір көлік алып, екі көліктің құнын қайтарасыз. Бір сөзбен айтқанда, банк «қаныңды теспей соралды». Сондықтан «бәлесінен аулақ» деп тұра қаштым. Төрт айдан бері табанымнан тозып, жаяулатып

Былайша айтқанда, көлік құнын 7 жылда бөліп төлейсіз. Оны ерте жауып тастау керек еді деп сары уайымға салынудың да қажеті жоқ. Жыл сайын теңгенің құлдырап, құнсызданып бара жатқанын ескерсек, 130 мың тенге деген ақша енді екі жылдан кейін «сабан» болып қалуы әбден мүмкін. Енді стандартты автонесие алып айына 239 мың төлеген тиімді ме, әлде 4 пайызбен алып, айына 130 мың төлеген тиімді ме, оны өз қалтанызға қарай көресіз.

түкіріп, тек көліктің кілтін алуға ғана барасыз. Техпаспорт пен нөмір алғасын әліп кепілхат берген банкке қайта барасыз. Ол жерден де бір бума қағазды алып, әкімшілік полицияға бару керек. Себебі несиеге алған көлігіңізді бұғатқа (*арестке*) қойдырасыз. «Несиені төлеп біткенше сатуға болмайды» деген бір жапырақ қағазды алу үшін 1 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш — 3 180 теңге*) төлейсіз. Көлікке бұғат қойылды деген анықтама үш жұмыс

миллион тенге үнемдейсіз. Өйткені дәл қазіргі сәтте жүрілген көліктердің бағасы салондағы су жанасынан да қымбат болып тұр. Оны пайызы жоғары несиелемен алсаңыз, тіпті қалтанызды қағады. Сондықтан асықпай жүріп, арбамен қоян алғанға не жетсін!

Диас НҰРАҚЫН,
медиа-сарапшы,
(4 пайызбен көлік алған санаулы қазақтың бірі)
арнайы Jas qazaq үшін

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Бір апта бұрын Рауан ауылындағы мектептің 1-сыныбында оқитын қырық оқушының ата-анасына манти сынамасы салынатыны алдын ала ескертілген. Біраз күннен соң балалардың білегі ісініп, артынан іріңдеп тесіле бастайды. Кей баланың қолтығы мен тамақ безі шошынып, қолын көтере алмай қалған. Екпе салған дәрігерлер оқушылардың қолындағы іріңді құрғатып алып, дәкемен байлап беріпті. Рауан ауылының тұрғыны Дәурен Өскінбаев: «Манти мен БСЖ-ның түрін бөлен жыл жасаған медиктер білу керек. Олар байқаған. Ата-аналардан жасыру үшін

қамтитыны да ата-ананың көңіліне жұбаныш бола алмайды. Олар білікті мамандарды жинап, балаларды толық тексеруден өткізіп берсін деп отыр. Сондай-ақ қателік жіберген дәрігерлер мен жекеменшік емхананың жауапқа тартылуын талап етеді. Осындай жағдай орын алып жатқанда адам денсаулығына нұқсан келтірген (*кейде тіпті өлімге әкелген*) дәрігер жазасын жеңілдетуге ұмтылу қаншалықты орынды? Ал біздің денсаулық сақтау министрлігі қазір дәл осындай ұсынысты ортаға салып отыр. Құзырлы мекеме «Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіптік міндетін тиісінше орындамағаны үшін» деген 317-бапты былайша өзгертуді ұсынды:

- денсаулыққа келтірген ауыр зардаптар үшін — 2000 АЕК, бас бостандығын шектеу немесе екі жылға қамауға алу;
- наукастың өліміне әкелсе — төрт жылға дейін бас бостандығын шектеу;
- екі немесе одан да көп наукастың өлімі үшін — алты жылға дейін бас бостандығын шектеу;
- Науқасқа ВИЧ жұқтырғаны үшін — түрмеге балама ретінде бес жылға бас бостандығын шектеуді қарастыру.

Байқасаңыз, бұл реформаны жасаушылар айыпты болған дәрігердің жазасын барынша жеңілдеткісі келеді. Осы орайда танымал адвокат Айман Омарованың сөзімен келісеміз. «Дәрігерлерде корпоративтік ұйымшылдық күшті. Олар бір-бірін қашанда қолдайды. Жемқорлық пен диплом сатып алатын дәрігерлер бар кезде денсаулыққа, тіпті жеңіл зиян келтіргеннің өзінде жазадан құтылмауы тиіс», — дейді заңгер. Оның айтуынша, керісінше, жазаны қатайту қажет.

«Министрлердің балалары ауылдағы ауруханада емделсе ғана жазаны жұмсату туралы сөз қозғау болады. Қазір медицина қызметкерлері жеңіл жазамен құтылады. Сол арқылы адам өмірі құнсызданып кетті», — дейді ол. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, соңғы екі жылда зардап шеккен науқастарға 40 млн тенгеден астам материалдық өтемақы төленген. Жыл сайын медицина қызметкерлерінің үстінен 300-ге жуық қылмыстық іс қозғалады. Бұл көрсеткіштің аз-көптігіне баға беру қиын. Оның үстіне, қылмыстық іс қозғау үшін бұлтартпас дәлел керек. Айталық, 2017-2019 жылдары тіркелген 925 шағымның 39-на қатысты іс қозғалған. 2020 жылы 892 іс тіркелсе, оның тек 13-не (*1,4%*) қатысты қылмыстық іс қозғалған. Дәрігердің жазаға тартылуы онай емес екені осыдан-ақ көрінеді.

Ақтөбедегі оқиғаға оралсақ, қазір әлеуметтік желіде талқыға түскен тақырыптың соны денсаулық сақтау министрі орыннан алып тастау туралы үндеуге жалғасты. Заңгер Анна Дмитривич дәрігер қателігі үшін қылмыстық жазаны жұмсарту туралы реформаны денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният әзірлеп жатқанын, оны Мәжіліске ұсынса, қабылданып кетуі мүмкін екенін айтып дабыл қағуда. Қалай болғанда да, мұндай өзгеріс қоғамның талқылауынан өткеннен кейін ғана қабылдануы тиіс. Әйтпесе, Ақтөбедегі сияқты жағдай көбейеді. Сондай-ақ 2020 жылы Атырауда «Құдай өзі кешірсін» деп тірі нәрестені тоназытқышқа салған дәрігерлер ісі әлі ұмытыла қойған жоқ.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

Аптаның ұсынысы

Серік ШАЙДАРОВ,
Сенат депутаты:

«Елімізде жол салу және жеңдеу үшін барлық қажетті материалдар бар. Алайда отандық өндірістің өлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Мысалы, жаз кезінде шамамен 500 000 тонна көлемінде битум тапшылығы туындайды. Құрылыс маусымының қызған шағында битумының бағасы үш есе ортада, өндірушілер битумды толықтай сатып алып, мердігерлерге сататын дөңделерге сатады. Дизель отынының бағасынан да осыған ұқсас жағдай байқалады.

Жергілікті жолдардың төңірегінде дамуы мен күтіп ұстауын қамтамасыз ету үшін ортақ пайдаланудағы барлық жолдарды басқару бойынша бірыңғай өкімшілік құру, сондай-ақ жол құрылысы үшін жергілікті материалдарды пайдалану қажет. Дөңделерді жою, зауыттардың мердігерлермен тікелей шарттар жасасу жөніндегі міндеттемелері, қажет болған жағдайда шарттарды түзету рәсімдерін жеделдету, сондай-ақ сметалық құжаттамаға бақылауды күшейткен жөн.

Соңғы жылдары «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендердің көшелерін жеңдеуге қомақты қаржы бөлінуде. Бөлінген қаражат негізінен орташа жеңдеу жұмыстарын қаржыландыруға бағытталды, дегенмен оның сапасы нашар. Себебі, сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамадан да, ведомстволық сараптамадан да өтпейді. Конкурстар компанияларды 40% жеңілдікпен жеңеді, бұл сапада көрінеді. Елді мекендердің көшелерін жеңдеуге міндетті ведомстволық сараптама енгізу керек».

ДӘРІГЕР ЖАЗАСЫН ЖЕҢІЛДЕТУ ДҰРЫС ПА?



іріңді сығып, баланың қолына май жағып, бинт таққан. Оның өзі қылмыстық іс деп білемін. Қырық оқушының бәріне бірдей манти сынамасы емес, туберкулезге қарсы вакцина салынған. Оны білектен емес, иықтан төмен салу керек», — деп ашынады. Вакцинаны жекеменшік «Медикус» орталығының мамандары шатастырыпты. Олар мемлекеттік тапсырыс арқылы мектеп оқушыларына қызмет көрсетеді. Қазір екпе салуға жауапты дәрігер мен мейірбике тергеліп жатыр. Ал балаларға екпенің кесірі тие ме, жоқ па, оны ешкім айта алмайды. Алты ай бойы дәрігерлердің бақылауында болатыны да, жекеменшік медициналық орталықтың ыстық тамақпен

- денсаулыққа орташа залал келтіргені үшін — айыппұлдың ең жоғары шегі 100 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш*), 100 сағатқа қоғамдық жұмысқа тарту немесе 30 тәулікке бас бостандығынан айыру;

Q БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Ақтөбе қаласы Алматы ауданының прокуроры Жасұлан ДӘУЛЕМБАЕВ:

«Ақтөбе қаласы Алматы ауданының полиция бөлімі манти орнына вакцина салған медицина қызметкерлеріне қатысты Қылмыстық кодекстің «Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы» бабы бойынша іс қозғады. Қазіргі кезде қажетті медициналық сараптамалар тағайындалды. Тергеу облыс прокурорының бақылауында болады».

MEGAPOLIS

Осы аптада Мемлекет басшысы Шымкент қаласының тұрғындарымен кездесті. Жергілікті жұртшылық алдында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкентті еліміздегі табиғаты да, тұрғындарының ықылас-пейілі де ерекше ыстық жердің бірі ретінде атап өтті.

«Қазақ руханиятында Шымкент шаһарының орны бөлек. Бұл — ұлт дәстүрінің берекелі бесігіне айналған қала. Сондай-ақ қазақы қасиет пен ыстық ықыластың символы. Бұл — үздік мәдениет пен ұлттық этикеттің тоғысқан жері. Ұлыларды ардақтау, үлкенді сыйлау — сіздердің басты ұстанымдарыңыз. Шымкент — ұттымыздың өсіп-өнген, көктеп-көбейген мерейлі мекені. Сондықтан мен шырайлы қаланың халқын Жерұйғын тапқан жұрт деп сеніммен айтамын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ел Президентінің күнгейліктерге қаратып айтқан бір ауыз жылы лебізі шымкенттіктердің көңілін көкке көтеріп тастады. Ал «Шымкент халқының іскерлігін айрықша атап өткім келеді. Жалпы онтүстік халқы қашанда еңбекқорлығымен танымал. Бұл қасиеттеріңіз — көпшілікке үлгі-өнеге» деген сөзі расымен үшінші мегаполисте үдеден шығатын ілкімді істердің көп екенін айғақтайды.

Оған тағы дәлел ретінде кездесуде келтірілген мына деректерді алға тартқымыз келеді:

- Шымкентті дамытуға 170 миллиард теңге қаржы бөлінді;
- 1,5 триллион теңгеден астам инвестиция тартылды;
- қала бюджеті 4 есе өсті;
- қаладағы өнеркәсіп өнімі 65 пайызға артты;
- аумағы 2,5 миллион шаршы метрден асатын тұрғын-үй салынды;
- соңғы жылдары шағын және орта бизнестің жалпы өнірлік өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, осы салада 180 мыңға жуық адам жұмыс істейді;
- соңғы кезде шаһарға іргелес жатқан 41 елді мекен қосылды;
- инженерлік инфрақұрылымның қуатын арттыруға 4 жылда республика бюджетінен 135 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді;
- жылдың соңына дейін 15 мың тұрғыны бар Құрсай аумағына ауыз су жеткізіледі;
- Шымкентте 5 жылдың ішінде 101 мектеп салу жоспарланған;
- қалада соңғы екі жылда 50 жекеменшік мектеп ашылды.



Бұдан бөлек, ішкі нарықтың 40 пайызын қамтамасыз етіп отырған Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуатын айтсақ та жетіп жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласына жұмыс сапары барысында Шымкент мұнай өңдеу зауытына барды.

Зауытты басқарушы компания — «Петро Казакстан Ойл продактс» ЖШС президенті Ерболат Қожабаев Мемлекет басшысына қайта жаңғыртудан өткен өндірістің қазіргі жұмысы туралы баяндады.

Бүгінде зауыттың жобалық қуаты жылына 6 миллион тонна мұнай өңдей алатын деңгейге жетіп, К-4, К-5 экологиялық санатындағы жанар-жағармай өндіре бастаған.

Бұдан кейін зауыт жұмысшыларымен әңгімелескен Президент өндіріс орнының стратегиялық маңызына тоқталды.

«Қазір зауыт ішкі нарықтың 40 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Өнімнің сапасы да жақсарды. Бұл — өте ауқымды жұмыс. Осының бәрі сіздердің, яғни жұмысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында мүмкін болып отыр», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Соңғы үш жылда зауыттың бензин өндірісі 2,1 миллион тоннаға, авиакеросин өндірісі 340 мың тоннаға, дизель отыны 1,9 миллион тоннаға дейін артқан. Өнім толығымен ішкі нарыққа өткізіледі.

АНА МЕН БАЛАҒА ЖАСАЛАТЫН ЖАҒДАЙ

Білім сапасы — басты назарда. 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалады. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Бұл туралы Президент халыққа Жолдауында атап көрсеткен еді.

«Орта білімнің сапасы — табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», — деді Мемлекет басшысы.

Бүгінгі таңда жан басына қаржыландыру жүіесімен Шымкентте 31 225 оқушы 87 жекеменшік мектепте дәріс алуа. Ал мемлекеттік 151 білім ұясында оқитындар саны биыл 21 6735-ке жетті.



ЖЕРҰЙЫҒЫН ТАПҚАН ЖҰРТ

Биыл Шымкент қаласында 4 спорт нысанының құрылысы жүріп жатыр. Солардың бірі — Бозарық-3 шағынауданында бой көтеріп келе жатқан Шымкент қаласының ауыр атлетикадан олимпиадалық резервін дайындайтын балалар мен жасөспірімдерге арналған мамандандырылған спорт мектебінің қосымша ғимараты.

Жобаға сәйкес, бұл нысанда бір ауысымда 10 мен 23 жас аралығындағы 100 оқушы жаттыға алады. Бірінші қабатта — ауыр атлетика залы,

аралап көріп, ғимараттың сапалы етіп салынуы өте маңызды екенін атап өтті.

«Біз бұл конгресс-холда халықаралық конференциялар, фестивалдер мен концерттік бағдарламалар, өзге де ауқымды іс-шараларды өткізетін боламыз. Ол көп функционалды орталық ретінде қала тұрғындарының игілігіне қызмет ететін нысанға айналады», — деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

«Шымкенттің жылдан-жылға өркендеп, дамып келе жатқаны қуантады. Қаламызда көпқабатты үйлер, зәулім ғимараттар, ірі бизнес және сауда ойын-сауық орталықтары мен халықаралық талаптарға сай қонақ үйлер көбейіп келеді. Жолдар тегістеліп, қоғамдық көліктің барлығы жанарды. Жаңа әуежай терминалы салынып жатыр. Осының бәрі шетелдік саяхатшылардың шырайлы қаламызға деген қызығушылығын арттырады. Ендігі жерде біздің қаланың мәдени деңгейін паш ететін өнер ордалары көбейсе, құба-құп. Астана мен Алматыда конгресс-холл болсын, басқа өнер сарайлары болсын, жетерлік. Өткен жылдары Түркістан қаласында да конгресс-холл ашылды. Ендігі жерде Шымкентте де осындай заманауи ғимараттың салынып жатқанына қуаныштымын», — дейді Шымкент қаласының тұрғыны Зухра Идрисова.

Сонымен, Шымкенттегі жаңа конгресс-холл 5,24 гектар алқапты алып жатыр. Өткен жылы басталған құрылысы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. Ғимарат үш қабатты болады. Онда 2 066 орынға арналған, 5 блоктан тұратын үлкен зал болады. Конгресс-холда, оған қосымша, 80 адамға лайықталған, салтанатты рәсімдерге арналған зал мен 40 орынды баспасөз орталығы да жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ ғимараттың жобасында қызметкерлер мен келушілерге арналған асхана мен кен автотұрақ қарастырылған.

Қалада бұдан басқа да көптеген құрылыс жүріп жатыр. Тіпті республикалық мәртебеге ие болғалы бері Шымкентті алып құрылыс алаңына айналды деуге болады.



Қазіргі таңда қалада ең биік тұрғын үй кешені салынуда. «Capital City» — 12-25 қабат, 20 блоктан тұратын үшінші мегаполистеігі ең биік тұрғын үй кешені болмақ. Жалпы ауданы 5 гектар, «Шымкент ситиде» бой көтеруде. Құрылыс барысы қарқынды.

Жаңа тұрғын үй кешенін көруге арнайы барған қала әкімі М.Әйтенов мердігер мекемеге нысанның құрылысы барысында туындаған мәселелердің шешімінде жан-жақты көмек көрсетілетінін атап өтті.

Кешен жеке инвестор «Capital Invest Construction» ЖШС есебінен жүзеге асырылуда. 120 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделген.

Бүгінгі күні құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, 1, 2, 3 блоктардағы 4, 5 қабаттың және 6 блоктағы 10 қабаттың қабырғаларын салу аяқталды. Енді инженерлік желілер тартылып, бөлме аралық қабырғалары қаланады. 1,5 гектар алаң абаттандырылады.

Шымшаһарда бірегей сауда-іскерлік орталығының құрылысы басталды. Үшінші мегаполисте көп салалы «Shymkent Tower» кешенінің жобасы іске қосылды. Бұл жобаның негізгі инвесторы — «САУТС-Ойл» компаниясы, ал құрылысын салушы бас мердігер — «Қоғ Construction».

«Алдағы 5 жыл ішінде қалаға 5 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тарту міндетін қойдық. Ал бүгін Шымкент қаласы үшін бірегей жоба бастау алады. Бастамаға сәттілік тілеймін. Жалпы қазіргі кезде мегаполисте тұрғын үйге деген сұраныс артқан, агромерациясы дамыған шаһарымызға келушілер мен үй алып қоюға ниеттілер көбейген. Сондықтан кәсіпкерлерді Шымкентке инвестиция салуға шақырамын», — деді шаһар басшысы М.Әйтенов.

Белгілі меценат С.Сейітжанов жаңа нысанның салынуы — экономика мен қала көркіне көрік қосатынына сенім білдірді.

«Бұл алып кешеннің өз ерекшелігі бар. Оның ішінде 32 500 шаршы метр сауда орталығы, жалпы ауданы 13 мың шаршы метр болатын 90 пәтер, төменде 600 көлікке арналған тұрағы бар. Жалпы ауданы 90 мың шаршы метрлік алып орталықты «Қоғ Construction» компаниясы 2 жылдың ішінде салып, аяқтаймыз деп отыр. Бұған қоса, Шымкентте жүзеге асыратын тағы бір жобамыз бар. Ол — алдағы аптада Нұрсәт шағынауданының маңынан құрылысы басталғалы отырған медициналық клиника жобасы», — деді «Саут Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейітжанов.

Ал «Қоғ Construction» — халықаралық құрылыс саласындағы тәжірибелі компания. Жарты ғасырлық тарихы бар. 1959 жылдан бері 3 материкте құрылыс салып, әлемнің 9 елінде ірі-ірі жобалардың жүзеге асуына атсалысқан.

Солардың бірі — көрші Өзбекстан елінің ең маңызды жобасы саналған «Ташкент сити» құрылысының негізгі басым бөлігін жүргізіп, қазіргі таңда 3,5 млн шамасындағы нысанның құрылысын салуда. Сонымен қоса, «Hilton» қонақүйінің құрылысын да аталмыш компания жүргізген. Бұдан басқа да жетістіктерін айтып өткен компания директоры Омер Сарикоч «Орталық Азиядағы аумағы ең үлкен болып табылатын бауырлас еліміз — Қазақстанда алғашқы инвестициялауды миллионды қала — Шымкенттен бастағанымызға өте қуаныштымыз. Бұл ғимарат прогрестің, дамудың, яғни алға қарай ұмтылудың негізгі символы болады. Шымшаһарға алдағы уақытта да басқа салалар бойынша инвестиция салуға дайынбыз», — деп атап өтті.

Жалпы Шымкент қаласы 2020 жылы негізгі капиталға бағытталған инвестициялар көлемінің өсу көрсеткіші бойынша республикада екінші орынды иеленсе, 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан өңірлерінің рейтингінде тұрақты түрде көш бастап келеді.

«Shymkent Tower» сауда-іскерлік орталығын салу барысында 200 тұрақты және 1250 уақытша жұмыс орны ашылмақ. Бұл инвестициялық жоба Түркияның «Қоғ Construction» компаниясымен бірге іске асырылуда. Түрік компаниясы жобаға бас мердігер ретінде қатысады. Жобаның құны 32 млрд теңгені құрайды. Құрылыс кезінде — 1250 жұмыс орны, оған қоса, 200 тұрақты жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

«Қоғ Construction» — жарты ғасырлық тарихы бар компания. Компания әлемнің 9 елінде жобаларды жүзеге асыруда.

Шымкент қаласында биыл бюджет есебінен көпқабатты 51 тұрғын үй салынып жатыр. Оның 31-і кредиттік, 20-сы арендалық үйлер. Қалалық құрылыс басқармасы мамандарының мәліметі бойынша, осы үйлердің жалпы ауданы 239 300 шаршы метрді құрайды. Онда 2 972 пәтер бар.

Бүгінгі таңда Шымкент қаласындағы Туран шағынауданы мен әкімшілік-іскерлік орталықта бой көтерген 7 арендалық үйдің құрылысы аяқталып, ондағы пәтерлер баспана кезегінде тұрған отбасыларға шілде айында тапсырылған. Жыл соңына дейін қалған 24 кредиттік және 20 арендалық үйді ел игілігіне беру жоспарлануда.

Сонымен қатар биыл Шымкент қаласының құрылыс басқармасы тарапынан білім беру саласында 4 600 орынға арналған 11 білім ғимаратының құрылысы жүруде. Оның ішінде 4 орта мектептің жанынан салынған қосымша ғимараттар жаңа оқу жылы басталғанға дейін

салынып бітті. Ал жыл соңына дейін білім саласында тағы 3 нысан пайдалануға беріледі. Қалған 4 нысанның құрылысы келесі жылға өтпелі.

Оған қоса, бүгінгі таңда білім саласында жалпы 6 690 орынға арналған 16 ғимараттың жобалас-металық құжаттамасы әзірленіп жатыр.

Иә, Шымкентте құрылыс саласының қарқын алуы көңілге сенім ұялатады. Себебі құрылыс — қаланың бүкіл экономикасының дамуына қозғау салатын, халықты тұрақты жұмыс орындарымен қамтуға жол ашатын бірден-бір іргелі сала.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Байқаймыз, бұрын өзіңіз айтпақшы, ардагерлер аталып, қарттар үйі болған ұяда бүгінде елуді енді еңсерген жандарды да көруге болады. Бұл ортаға келушілер «жасарып» бара жатқан жоқ па?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Негізінен жасы келген жандар. Сөзіңіздің жаны бар, 50 жасқа дейінгілердің саны — 11. 50-65 жасқа дейін 40 адам бар. 65-75 жасқа дейінгілер — 108 адам, 70 адамның жасы 75-85 аралығында. Сіз жасарып кеткен жоқ па дейсіз, біздің орталықта 85 жастан асқан, 95 жасқа дейінгі қарттарымыздың қатарында 33 адам бар. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагеріміз биыл 97 жасқа шықты. Осы статистикаға қарап та, өзіңіз екішеп аларсыз. Жасы үлкен кісілер көп біздің орталықта. Сізге бір қызық дерек айтайын, жаңа тілге тиек еткен 85-95 жас аралығындағы кісілердің жүзіне қараныз, жетпіске енді жеткен жандардай жасарып тұр. Бұл ненің белгісі? Адам неден адады? Күйіні болмауынан, қалірінің қашуынан сансырайды. Мемлекеттің қариясына қалай қарайтынын, «Шанырақ» әлеуметтік қызмет орталығындағы көрсетілетін қызмет пен құрмет, күтімнің қандай деңгейде екенінен аңғара аласыз.

Біздің орталығымызда қабылданған жандарға қызметтің жеті түрі көрсетіледі.

Jas qazaq: Орталыққа ата-анасын өткізуге ықыластылардың қатары қаншалықты қазір?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Бұрынғы заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, орталыққа қабылданудың талаптары күшейді. Жаңа заң бойынша өзінен туған баласы бар болса, мұнда қабылдамайды. Келіп жатқандар да бар, оны жокқа шығара алмаймыз.

Jas qazaq: Мысалы, үйіне сыймады, баласымен не болмаса келінімен, басқамен сыйыса алмай келсе, қабылдамайсыздар ма?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Қабылдаймыз, тек соттың шешімі шыққан соң ғана. Әкесі өзінің баласынан сот алдында бас тартқан жағдайда, я болмаса баласы әкесінен, не анасынан жерініп сыртқа тепсе, соттың шешімі арқылы құжаттарды қабылдаймыз. Қазіргі заң талабы осындай. Одан бөлек, мүгедектігі туралы анықтамасы бар, өзін-өзі асырай алмайтын адам болса, біз қабылдаймыз.

Jas qazaq: Тұрарбек мырза, мұнда келушілердің бөрінің расында да, тұрмысы төзгісіз, бала-шағасының қолы байлауға келмей отырғандар ма?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Біздің орталықтағы адамдардың кейбірінің балалары Ресейде, АҚШ, Канада, Еуропаның басқа да мемлекеттерінде тұрады. Сол жаққа көшіп кеткен. Кезінде соларды мына ата-аналары бағып-қақты, білім алыс деп барын салды. Ақырында, міне, өздері осы орталықта өмір сүріп жатыр.

Jas qazaq: Қазір де қариясын өткізгісі келетіндер бар деліңіз. Өзіңіз осы орталықтың басшысы болғандықтан, ата-анасы «Шанырақ» әлеуметтік қызмет орталығына орналастырғысы келетін балаларымен дидарласасыз. Олар мұндай қадамға не итермелегенін айта ма, жалпы? Қоғамдық сана солай жатбауыранып бара ма, әлде адамдардың жүрегіндегі мейірім беріштеніп кеткен бе?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: «Сыймай жүрсек екен-ау, сыйыса алмай жүрміз ғой» демеуші ме еді. Бізге келушілердің көпшілігі кезінде лауазымды қызметте істеген, қарауындағыларды билігін бастыра жұмсап үйренген. Зейнетке шыққан соң үйіне сыймайды. Бала-шағасымен сыйыспайды, сөзге келіп қалады. Содан соң жан тыныштығын күйттеп, осында тұрақтаған. Бізге де мінезін көрсетеді. Бірақ орталықтың қызметкерлері бәріне шыдайды, өйткені қызметі ғой атқарып отырған.

Мүгедектігіне байланысты жылына бір мәрте демалыс орындарына барады. Бұдан сырт, медбикелер күні-түні қызметте. Ал дәрігерлер күндіз басы ауырып, балтыры сыздаған адамдарды тексерістен өткізеді. Емханаға, ауруханаға баруы керек болса, қағазын жазып береді, орталығымыздың көлігімен барып, қажетті ем-шарасын алып қайтады. Сонымен бірге зейнетақысын алу қажет кезде, басқа да шаруалары болса, көлікпен алып барады. Кейбір кісілердің несиесі, коммуналдық қызметке, салыққа, айыппұлы басқа да берешегі бар болса, заңгеріміз заңдық қызмет түрін ұсынады, бағыт-бағдар беріп, онынан шешілуін қамтамасыз етеді.

Jas qazaq: Әлеуметтік қызмет орталығындағы жандардың зейнетақысынан белгілі бір мөлшерде қаражат ұстала ма осы орталыққа?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Иә, тек зейнетақысынан арнайы бекітілген пайызы ұсталады. Ал әлеуметтік жәрдемақы алатындардың ақшасынан алынбайды. Олар жәрдемақысын толық өздері жұмсайды. Зейнеткерлерден базалық зейнетақысынан шегеріп ұстап қалады. Орталықта төрт мезгіл тамақ беріледі, медициналық қызмет



Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ, «Шанырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры:

БІР-БІР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР МҰНДА



МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ҚАРТТАРЫМЫЗҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ, ШАРАПАТЫ АЛАБӨТЕН ЕРЕКШЕ. ОНЫ МОЙЫНДАУ КЕРЕК. БІР КЕЗДЕРІ ОСЫ ОРТАЛЫҚҚА ЖАПОНИЯДАН ДЕЛЕГАЦИЯ КЕЛІП АРАЛАП КӨРДІ. «МЫНА ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖЫЛУЫН, ЭЛЕКТР ҚУАТЫН, БАСҚА ДА ҚАЖЕТПІЛІККЕ ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДЫ КІМ ӨТЕЙДІ?» ДЕДІ. «МЕМЛЕКЕТ ТӨЛЕЙДІ» ДЕГЕН ЖАУАБЫМЫЗДЫ ЕСТІГЕНДЕ «СІЗДЕР БАЙ МЕМЛЕКЕТТЕ ӨМІР СҮРЕТІН АДАМДАРДЫҢ САНАТЫНА ЖАТАСЫЗДАР ҒОЙ» ДЕП ШАЛҚАСЫНАН ТҮСЕ ЖАЗДАДЫ. БАСҚА ЕЛДЕРДЕ ҚАРТТАР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСҚАН ӘРБІР АДАМ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, КҮНДЕЛІКТІ ТАМАҒЫНА, ҚОНАТЫН ҮЙІНЕ ӨЗІНІҢ ҚАЛТАСЫНАН ТӨЛЕЙДІ.

Қайырымдылық қорынан келетін сыйлықтарды да немерелеріне деп жинайды көпшілігі.

Қамқорлық жайында айтылғанда есіме түсіп отыр, мемлекетіміздің қарттарымызға деген құрметі, шарапаты алабөтен ерекше. Оны мойындау керек. Бір кездері осы орталыққа Жапониядан делегация келіп аралап көрді. «Мына орталықтың жылуын, электр қуатын, басқа да қажеттілікке жұмсалған шығынды кім өтейді?» делі. «Мемлекет төлейді» деген жауабымызды естігенде «Сіздер бай мемлекетте өмір сүретін адамдардың санатына жатасыздар ғой» деп шалқасынан түсе жаздады. Басқа елдерде қарттар үйіне орналасқан әрбір адам коммуналдық қызмет, медициналық қызмет, күнделікті тамағына, қонатын үйіне өзінің қалтасынан төлейді. Әлгі жапондықтың таңданысына қарап-ақ, біздің елде қарттарымызға, мүгедек жандарға қандай қамқорлық жасалатынын пайымдай беріңіз.

Орталығымызда 210 қызметкер жұмыс істейді.

Jas qazaq: Қайбір жылы осы орталықта қария мен қарт әже неке қидырып шанырақ көтеріп еді. Сол кісілердің жайы қалай қазір? Одан кейін сондай бас құрау оқиғасы болған жоқ па? Ақсақалдарыңызды «аяқтандырмадыыздар ма?»

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Бір-біріне көңілі соғып, Алланың қалауымен бас құраған ағамыз бен әжеміз бірге тұрып жатыр, тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Одан



✦ ОРТАҚ ОЙ

Берік ӘДИЕВ, қажы:

«Қазақта «өкең жыңды болса, байлап бақ» деген мақал бар. Өкініштісі, біздің қазіргі буын бұл мақалдың астарын түсінбей, байыбына бойлай бермейді. Қартайғанда ата-анаң қанша мінезді болса да, алжыса да асырау – баланың міндеті. Ол – үлкен сауап. «Өкеңе не істесең, алдыңа сол оралады» дегенді тегін айтпаған. Бұрын асырай алмайтынын желеу етіп, бірге тұруға бейіл болмай, өкешешесін қарттар үйіне әкелу деген қазақы қалыпқа жат түсінік еді. Өкініштісі, бұл мәселе күн жаңарған сайын өртенге біткен өндіредей белең алып келеді. Жетімін жылатпай, жесірін қаңғытпай пана болған ұлттық санамыз бүгінде көмескі тартып бара жатқандай әсер береді.

Рас, мемлекет қарттарымыздан қамқорлығын аямайды, барлық құрметі де, қолдау-көмекті де жасап келеді. Естімізше, дамыған елдерде қарттар үйіне тегін орналасу деген ұғым-түсінік жоқ екен. Тұруға келдің бе, тамағыңа да, киім-кешек, жатын орнына кететін шығынды әрбір адам өзі өтейді. Ал бізде барлық жағдай жасалған. Мөнінше, қарттар үйіне жан тыныштығын ойлап келетіндер көп. Бірақ «лашық та болса, өз үйімінің» ұғымын терең түсінбегендіктен, осындай қадамға барса керек».

Олармен бірге 10 қызметкеріміз де барып, зиярат етіп келді.

Jas qazaq: 2001 жылы ашылған орталықта барлық жағдай жасалған ғой. Сол бес саласы да бүгін орталыққа қартын әкеп қалдырған балалары келіп, амандығын біліп кете ме?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Келеді, жолығады, дидарласады. Оған ешкімнің де шектеу қоюға қақысы жоқ.

Jas qazaq: Үйіне апарып, бірнеше күн қондырып әкелсем деп сұрай ма?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Ол жағы жүрегінді қан жылатады. Рас, келіп немересін көрсетіп, амандасып қайтады. Бірақ үйіне ертіп апарайын деген ақ адал көңілдіні кезіктірмедім. Керісінше, әкімдіктен, басқа да мекемелерден сый-сияпат берілгенде келіп жинап әкетеді. Қазақ аталарымыз бар, асханадан күнделікті өзіне деп берілген алма, алмұрт, банан сынды жеміс-жидегін, көмпітін жинайды, өзі жемей. Сосын немерелері келгенде, соларға дорбалап салып береді. Қандай мейірім десенші, ә.

кейін де бір ағамыз бен әжеміз некелескен, бірақ дәм-тұзы жараспады.

Қазақ: «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» дейді. Мұнда келушілер тағы да қайталап айтсам, негізінен жан тыныштығын күйттейді. Рас, көпшілігінің асыраушысы жоқ, қарайласатын адамы болмай осында мәжбүрлі түрде келгендері де бар. Олар үшін шанырағы — осы орталық.

Jas qazaq: Өмір бар жерде өлім һақ. Талқаны таусылып, өмір сағаты соғуын тоқтатқан адамды жерлеу рәсімін кім өткереді? Бала-шағасы ма, әлде осы орталыққа жүктеме ме?

Тұрарбек ТҰМАНШИЕВ: Алдымен ақы иесі балаларына, туыстарына, іздеушісіне ескертіледі. Егер олар өзіміз жөнелтеміз десе, сүйекті алып кетеді. Ал бас тартса, жерлеу рәсімін біз ұйымдастырамыз. Өкінішке қарай, ондай жайттар да болып тұрады. Өмір ғой.

Jas qazaq: Сұрақтарымызға түшымды жауап бергеніңізге алғыс айтамыз.

Сұхбаттасқан Қуаныш РАХМЕТ

Өзекті

Өткенде қаладағы ірі ойын-сауық орталығының маңынан 4 жасар балам өкеуіміз өтіп бара жаттық. Бір кезде ұлым «Анашым қарашы, ақ жейде киген бала түтін шығарып жатыр» деді. Қарасам, ақ жейде киген үш жасөспірім электронды темекіні кезек-кезек шегіп тұр. Ешкімнен қымсынатын емес. Жандарына барып, «Қай мектепте оқисыңдар? Мына заттың зиян екенін білесіңдер ме?» дегенім сол өді, әлгі үшеуі үндеместен тайып тұрды. Кейін тағы бірнеше жерден осындай көріністі байқадым. Қаладағы мектепке жақын орналасқан азық-түлік дүкендерінде әлгі заттың өмін-еркін сатылып жатқанын да көрдім. Сұрастыра келе, жастардың осы бөлеге құмарлығы артқанын білдім. Ұл баланы былай қойғанда, қыздар да елти бастапты.

Алматының тұрғыны, көпбалалы ана Гауһар Әлімқызы 9-сынып оқитын ұлынын сөмкесінен электронды темекіні тауып алыпты. «Жақында ұлымның сөмкесінен фломастерге ұқсас бір зат тауып алдым. Бірден суретке түсіріп, интернеттен қарадым. Сөйтсем, бұл электронды темекі екен. Онысымен қоймай неше түрлі дәмдері де бар. Бағасы да арзан емес. Бір талы 1800-3600 теңгенің аралығында. Онда да бұл бір реттік пайдаланатыны. Ал телефон сияқты қуат алатыны 15 мың теңгеден жоғары тұрады. Ұлыммен бұл жайында әкесі үшеуіміз жасылап сөйлестік. Мұғаліміне де айтып қадағалауын өтіндім. Ата-аналар жиналысында да осы туралы ескерттім. Қазір мұндай заттар дүкендерде ашық сатылуда. Тіпті

«БІР РЕТ ТАТЫП, ТӘУЕЛДІ БОЛДЫМ»

кәмелетке толмаған балаларға да сата береді. Соған аландаймын», — дейді ол. Сонғы кезде қоғамда электронды темекінің зияны аз деген түсінік қалыптасқан. Жасөспірімдерді қызықтырып, түрлі дәм мен иістен тұратын «вэйп» деп аталатын құрылғы бүгінгі күннің ең өтімді тауары. Көп дүкенде самсап тұр. Ал осы құрылғы қаншалықты зиянды? Оның құрамында не бар? Осы сауалдардың жауабын біз медицина саласының маманынан білдік. Алматы қалалық №22 аурухананың нарколог дәрігері Назгүл Оразбекқызы «электронды темекінің зияны кәдімгі темекімен бірдей» дейді.

Назгүл ОРАЗБЕКҚЫЗЫ,
Алматы қалалық №22 аурухананың нарколог дәрігері:

«Заман ағынына сай электронды темекінің түр-түрі шығып үлгерді. Әсіресе, ересек адамдар арасында соны тұтыну арқылы шылым шегуден арыламыз деген қате түсінік қалыптасты. Ал қазіргі жастар мен жасөспірімдер вэйп, эльф-бар дейтін түрлеріне құмарлық танытуда.

Электронды темекінің құрамында глицерин, пропиленгликоль, никотин, түрлі дәм беруші ароматизаторлар мен иіс беруші химиялық қоспалар бар. Бұл заттар адамның тыныс алу жүйесін зақымдап, өкпенің қатерлі ісігі, қан айналым жүйесінің аурулары мен жүректегі ишемиялық ауруларын тудырады. Сонымен қатар, ағзаның иммундық жүйесіне кері әсерін тигізеді. Ал никотиннің адам денсаулығына зиянды екенін барлықтарыңыз білесіздер. Сондықтан электронды темекінің зиянды екенін өскелең ұрпаққа жан-жақты түсіндіру керек. Алдын алу жағын ересектер ертеден ескерсе екен».

Қоғам белсендісі Бағила Балтабаева жас ұрпақтың электронды темекіге әуестігін қолдау мақсатында денсаулық сақтау министрлігі мен оқу-ағарту министрлігі тарапынан ешқандай жұмыс жүргізілмейтінін сыға алды.

Бағила БАЛТАБАЕВА,
Қазақстан ата-аналар одағының өкілі, қоғам белсендісі:

«Бүгінде балаларға қатысты мәселенің барлығы өзекті. Қай саланы алып қарасақ та, қазіргі болып жатқан жағдайлардың барлығы үрейлі. Ғаламтордың пайдасынан зияны артып тұрған шақта, балаларымыздың өзге елдің теріс дүниелеріне еліктеп, құрдымға кетіп бара жатқанына налим. Қазір үл түгілі қызға да «Қой, болмайды!» дейтін сөзді айта алмайтын дәрежеге жеттік. Тіпті өзгенің емес, өзіңнің балаңа да ақыл айта алмайсың. Бәрі шетінен ақылды. Қандай тақырыпты айтсаң да, телефонға телміріп, бірдеңені іздейді де тұрады. Бізбен емес, телефонмен «сырласады». Міне, қазіргі жастардың кескіні-келбеті осы. Өткенде қоғамдық көлікте үлкен кісіге орын бермей, онымен қоймай тіл қайтарған оқушының видеосын көріп жағамды ұстадым. Неше түрлі зиянды заттарды пайдаланған балаларымыз ашулы. Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауды білмейді. Ұрпағымыз осылай кете беретін болса, болашақ не болмақ? Аулан түрлі зиянды дүниенің ішінде кәмелетке толған жастардан бөлек, мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің әлден әуестеніп шегіп жүргені — электронды темекі. Бұл заттан еш жақсылық

күтудің қажеті жоқ. Өз басым электронды темекіні болашақ ұрпақты ұлап жатқан үлкен дерт дер едім. Жастардың денсаулығын құртудан басқа ештеңе емес! Жастардың санасын ұлаған есірткіден қалай құтыларымызды білмей жүргенде, электронды темекіге деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Оның зияны мен залалы қанша рет жазылып та, айтылып та келеді. Бірақ шын мәнінде күресудің тетігі жоқ. Балалар жылында «қауіпті заттардан қорғану үшін не істеу керек» деген сияқты мәселелер де тыс қалып қойды. Балалар жылында көрікті көрме көрсетіп, ойын-сауық кештерін ұйымдастырып, ән мен биден әріге аса алмадық. Электрондық темекі де үлкен қасірет. Оны сататын дүкендер мен онлайн сауда орталықтарына «ай дейтін әже, қой дейтін қожас» жоқ. Мерейімізді асырып, білім алып жүр деген кейбір балалар электронды темекінің арбауында. Оқушыларды еліткен бұл темекінің жарнамасына сүйенсек, электронды түрі шылым шегуді азайтады, әрі оның еш зияндығы жоқ екен-мыс».

Иә, маманның айтуынша, электронды темекінің залалы зор. Ал мектепте оқып жүрген оқушы шылым шегуден арылғысы келе ме? Әлде оларға әсер етіп тұрған бұл құрылғының біз білмейтін сикыры бар ма? Осы орайда біз жасөспірімдердің электронды темекіге жаппай әуестігінің себебін психолог мамандардан сұрап білдік.

Гүлжақып МАРАТҚЫЗЫ,
балалар психологы:

«Жасөспірім қазірден никотинге тәуелді болса, болашақта одан арылу қиынға соғады. Кейбіреулер бұл әуестікті өтпелі кезеңмен байланыстырады. Алайда бұл негізгі себеп емес. Бала бұл заттың зиянды екенін білмейді. Көбінесе мектеп жасындағы балаларға әсер ететін ең бірінші жағдай — араласатын ортасы. Біз осы зат пайда болғалы бері оқушылар арасында арнайы зерттеу жүргізіп көрдік. Анонимді сауалнама толтыру барысында жасөспірімдердің көбі ең алғаш өз орталарында шегіп көргендерін жазды. «Бір рет татып көріп, тәуелді болып қалдым» дегендері көп кездесті. Оның үстіне, бізде балалардың көбі ата-анасымен ашылып сөйлеспейді. Кей бала үйінде мінезі түйық, тіл алғыш көрінгенмен, өз ортасында белсенді болуы мүмкін. Өйткені ол қатарластарының арасында өзін еркін сезінеді. Ата-анадан жасыратын құпиясы көбейеді. Ата-анасымен еркін әңгімелесетін балалармен жұмыс істеу жеңіл. Олар өз ойларын, мазалаған нәрселері мен сырларын ашық айтады».

Балалар психологы Алмагүл Жексембайқызы «Вэйптер зиянды емес дейтіндердің ойын түсінбедім» дейді.

Алмагүл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ,
балалар психологы:

«Вэйп дегеніміз — жоғары сығымдалған аэрозоль, қарапайым тілмен айтқанда, ішке жұтатын бу. Ал бұды бұлай ішке пайдалану да зиянды есірткіні пайдаланумен бірдей. Токсикомандарды еске түсірейікші. Желім, толүол, басқа да зиянды заттарды іскейітіндер. Олардың санасының ұланғаны социалық, ой-өрісі де төмендеп, психикалық ауытқуға ұшырайды. Сол сияқты электронды темекінің де зардабы мол. Бұл затқа тәуелді болған бала, оның ықпалынан шыға алмай қалады. Ата-анасын алдау, өзін қолданатынын жасырумен қатар, өз үйінен ақша ұрлау сияқты іс-әрекеттің көбейетіні анық. Сондықтан бұған әуестенген бала, бірте-бірте тәуелді болғанын байқамай қалады. Ата-аналар, мұғалімдер балалармен ашық сөйлесіп, бұл құрылғының зияны туралы жақсылап түсіндіруі керек. Бізде ақпараттық түсіндіру жағы төмені деңгейде. Қазірден бастап дабыл қақпасақ, ертең кеш болады!».



Баланың болашағына балта шауып жатқан электронды темекі кез келген дүкенде өмін-еркін сатылуда. Қалтасының кампайғанын құп көретін саудагерлер өрімдей бала ақшаның шетін көрсетсе, темекінің кез келген түрін сатуға дайын. Онлайн сауданың тасы өрге домалап тұр. Үйдегі балаңыз төрде отырып-ақ қалаған электронды темекісін алдыра алады. Тіпті бұл құрылғыны үйге дейін жеткізіп беру тегін көрінеді. Кешке дейін жұмыста жүретін ата-ана баласының немен айналысқанын сұрамақ түгілі, бетіне қарауға уақыт таппайды. Баласы күндіз мектепке барса, кешкісін қолындағы смартфонмен «сөйлеседі». Өзіне қажеттің бәрін бір түймені басып-ақ басқара алады.

«Вэйп пайда болғалы бері оны ұрлайтын мектеп оқушылары көбейді» дейді Талғар қаласындағы шағын дүкеннің иесі **Жазира ЫДЫРЫСҚЫЗЫ**.

«Біздің дүкен мектепке жақын орналасқан. Түскі уақытта тамақ алуға оқушылар асығады. Заң бойынша, кәмелетке толмаған оқушыларға электронды темекі сатылмайды. Өткенде кешқұрым уақытта сұсабын сұрап екі оқушы келді. Біреуі менімен бірге тұрмыстық заттар тұрған сөреге келіп әңгімеге айналдырды. Екіншісі қассаның жанында қалған болатын. Бір уақытта менің қасымдағысы өзі іздеген сұсабынның жоқ екенін айтып кері айналды. Осы кезде қасындағысы дүкеннен шығып кеткен екен. Ішім бірдеңені сезгендей болып, бейнебақылау камерасын кері айналдырсам, вэйптің 3 талын алып кетіпті. Ерtesі учаскелік полицияға барып, балалар бірден табылды. Ата-аналар мен мектеп басшылығына ескертілді. Осындай ұсақ ұрлықты кейде байқап қаламыз, адам толы кезде қарауға да мұрша жоқ», — дейді ол.

Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты ювеналды полиция инспекторы Бақытжан Болатбекұлы «Қазіргі ата-аналар балаларына ұрысуды білмейді» деген пікірде.

Бақытжан БОЛАТБЕКҰЛЫ,
Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты ювеналды полиция инспекторы:

«Жаңа оқу жылы басталғаннан бері бір ай уақыт өтпесе де, электронды темекіге әуес жасөспірімдердің мәселесімен бетпе-бет келіп отырмыз. Қазір бұған тек үл бала емес, қыздар да үйір. Былтырғы оқу жылында тоғыз айда 12 балаға ескерту жасалса, биыл 4 балаға ескерту жасалып, екі баланың ата-анасына әкімшілік айыппұл салынды. Былтырға дейін бұл құрылғы өмін-еркін сатылып келді. Мәселе ушығып бара жатқандықтан «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодекстің 411-бабына өзгеріс енгізіліп, 21 жасқа дейінгілерге, яғни жасөспірімдерге темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекі мен қорқорға ұқсас бұйымдарды және оларға арналған сұйықтықтарды пайдалануға қатаң тыйым салынды. Қазір білім ордаларымен ювеналды полиция инспекторлары тығыз байланыста. Қандай мәселе болмасын, бірлесіп шешімін тауып жатыр. Кәмелетке толмаған баланың әрбір әрекетіне ең бірінші ата-анасы жауапты екенін ескерткіміз келеді. Кәмелетке толмаған балаларға шылым сатқан дүкенші рейд барысында ұстаған жағдайда, оған да, дүкен иесіне де әкімшілік айыппұл салынады. Сонымен қатар «темекі мен темекі өнімдерін сатуға рұқсат» деген лицензиясы тексеріледі. Былтырдан бері бұл өнімдер дүкен сөрелерінен алынып, арнайы жасырын сөрелерде ғана сатылады. Бірақ ол ережені сақтап жатқандары шамалы».

Біз жастар мен жасөспірімдер белсенді араласатын «ТикТок» әлеуметтік желісінде анонимді сауалнама жүргізіп көрдік. Сауалнамаға 12-16 жас аралығындағы жеткіншектерден 100 шақты бала қатысты. Нәтижесі мынадай: 48 бала — электронды бір реттік вэйпті үнемі қолданады. 22 бала — бір реттік вэйпті бір-ақ рет қолданып көрген. 30 бала мүлде татып көрмеген. Бұл 100 баланың тең жартысы бұл құрылғыға әуестеніп үлгергенін аңғартады. Елімізде шылым шегушілердің саны азайғанымен, вэйпке құмартушылардың саны артып келе жатқанын денсаулық сақтау министрлігі де мойындайды. Министрлікке қарасты ұлттық денсаулық сақтау орталығының сарапшысы Жанар Қалмакова осы мәселені жыл басында көтерген болатын. «Келешекте вэйп айналымына да қатаң тыйым салып, қыздырылатын темекі мен оны тұтыну құрылғысын кәдімгі шылымға теңестіру арқылы акцизін көтеру керек» деген еді. Сондай-ақ темекіге тәуелділікті азайту мақсатында «Темекі түтінінен азат Қазақстан» ұлттық коалициясы да темекі акциздерін көтеру арқылы, оны пайдаланушылардың санын қысқартамыз деп білек сыбанып отыр. Бұдан нәтиже шықса, қанеки!

Макпал НОҒАЙБАЕВА



Естелік

ҚАЛАМҒЕРДІҢ ТОЙЫНА
ГЕНЕРАЛ ТІҚУШАҚПЕН
КЕЛГЕН ЕДІ

1992

жылдың қыркүйегі...

Шерхан Мұртазаның туған жері — Жуалыда жазушының алпыс жасқа толу мерейтойы өтіп жатқан. Теріс-Ащыбұлақ көлінің жағасына қаз-қатар тігілген ақшанқан киіз үйлерге кіріп-шыққан көпшілік мәре-сәре. Бәйге аттарын баптап, бір шетте шабандоздар жүр. Сахнада — Жуалының жезандай әншілері! Қазақстанның бар ақын-жазушысы осында. Мерейтойға ақжарма көңілмен келген атағы аспан тіреген қаламгерлерді, танымал тұлғаларды көзбен көріп, олардың қолын алып амандасқанына мәз ауыл жұртының төбесі көкке сәл-ақ жетпей тұр! Той өткізушілердің жазып-сызған бағдарламасына сәйкес болуы керек, бастарына ақ қалпақ, үстеріне ұлттық оюлы көк шапан киген Камал Смайылов пен Әбіш Кекілбаев және Шерхан Мұртаза сынды үш баһадүр тұяғымен жер тарпыған тұлпарларға мініп, той өтіп жатқан көл жағасындағы ауылдың ішін арлы-берлі асықпай аралады. Дегенмен жарасымды көрініс! Халық риза!..

Кенет, кең дүниені көлбей созылып жатқан Күйік асуының үстінен жер-жаһанды дүрілдеткен тікұшақтың даусы естілді. Теріс-Ащыбұлақтың айнадай жалтыраған айдыны діріл қакты... Думанды ауылдың адамдары әуелде тосын гүрілге оншалықты мән бермегендей еді. Тікұшақ жақындаған сайын оның дауысы да анық естіліп, өзі де тым зор-ақ машина екен, орасан сұлбасы одан сайын үлкейе түсті. «Гүрк-гүрк-гүрк» еткен ебедейсіз алып инелік мерейтой өтіп жатқан ауылдың үстін екі рет айналып, орап ұшты. Көздерін көкке тігіп, қолын көлегейлеген жұрт аң-тан. Тікұшақ қонуға қолайлы жер іздеп жүргендей ме?! Расында да солай, тікұшақ көлдің жағасын қуалай өтіп, қак маңдайдағы қырат-төбешікке жетіп барып... кідірді. Шырылдақ байлаған құйрығын көдімгі инеліктей ырғап-ырғап тұрған бойда, кенет, қурай басқан қыраттың шанын жан-жаққа бұрқырата қуып, жерге жәймен келіп қонды. Ауыл жұртына бәрі таңсық, сондай орасан — екі қабат үйдін биіктігіндей алып инеліктің бір пұшпақ мақтадай-ақ «үлп» етіп, жерге жұмсақ қана жайласа қонғанына сүйсінбегені кемде-кем. Шаң басылды. Моторы сөндірілмеген тікұшақтың үлкен қызыл бесжұлдыз салыңған бүйіріндегі есігі ашылып, әскери киімдегі үш жігіт жерге баспалдақ тастамай-ақ секіріп-секіріп түсті. Бойшандау біреуі алға шығып, қалған екеуі оның сонынан ерді. Бағыттары біз жак, яғни той-думан өтіп жатқан ақшанқан ауыл. Бала-шағаның екі көзі сонда!..

Бір уақытта үлкендер жағынан әлдекім: — Оу, мынау Токтар емес пе... Ғарышкер Токтар Әубәкіров қой мынау, — деп қалды дауыстап. Сол-ақ екен, манадан бері осындағы күллі бала-шаға табаны қызып, көздері жанып әрен тұрған екен, қыратқа қарай «атой» сап, лап қойды. Бұл кезде тікұшақ та моторын сөндіріп, тынышталған. Өзек қуалай шуылдай жүгірген балалардың алды сол бойда Батырға жетіп, қолын созып үлгерді. Әп-сәтте балғын балалық шақпен кездескен Даланың батыр ұлы — Қазақтың тұңғыш ғарышкері өзін шуылдай қауалаған ауыл балаларының ортасында көрінбей қалды. Тіпті жөн сұрасып жатыр-ау деймін, белін бүгіп, еңкейіп әлдене деп қолын сермейді. Батыр бар, балалар бар — бәрі үйме-жүйме болып топырлап, сол жерде аз-кем аялдады. Жүгірген дүрмектен қалып қойған ең соңғы бала да әлгі шоғырға жетті-ау ақыры! Олар енді барлығы

асықпай қол беріп амандасқан Халық Батыры — қазақтың тұңғыш ғарышкері аршындай адымдап келіп, Халық жазушысымен төс қағыстырды. Содан олар қолтықтасып киіз үйдің ішіне кіргенше мақтаныштан масайраған жұрттың қуанышты дабыры бір басылмады. Құрметті қонағына алдымен дастарханынан дәм татқызатын қазақ осы жолы да дәстүр-салтына сай батырды асқа шақырды. Алдына бас қойды. Авиация генерал-майоры, әскери данқты сынақшы-ұшқыш Токтар Әубәкіров Тәуелсіз Қазақстанның жаңадан ғана құрылған Қорғаныс комитеті бастығының орынбасары қызметін атқаратын. Тойға әскердің далалық киім үлгісімен келіпті генерал. Халықтың сағынып жеткен тұңғыш ғарышкеріне деген сондайлық шынайы шексіз ілтипаты мен құрметін көрудің өзі бір ғанибет екен!

...Бәйге аттары сөреге шығарылып, көкпаршы жігіттер дуылдасып, той жалғасты. Дала сахнасының да сөні кірген. Ақиық ақын Мұхтар Шаханов желпініп, өлең оқып тұр.

Алтысқа келіп ат тіреген,
Саусағымен от күреген,

«САУСАҒЫМЕН ОТ КҮРЕГЕН ШЕРХАН АҒА... ДАРХАН АҒА... ШЕРАҒА!..»

Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның туғанына — 90 жыл

Талмай тұлпар шабысынан,
Өз ұлтының намысын
алға қойған алтыннан
Шерхан аға...
Дархан аға...
Шер-аға!!!
Талай қыздың ерні тиген,
Бір сүйгізші мұртыңнан...

Ду қол шапалақ. Ақынды қолпаштаған халық «у-шу»! Ұзыннан-ұзын қаз-қатар қойылған орындықтарда иен шаншар жер болсайшы!.. Иін тірескен адам. Тас төбеден шақырайған күннің қызуына мән беріп жатқан бірі жоқ. Алақандарын көлегейлеп алған, екі көздері сахнада. Той қызды...
...Ту сырттан дауыс шықты.
— Көне, жүрек жұтқан бір-екі журналист бізбен бірге жүре қойыңыздар!

Палуан пішінді, бидай өңді, кескінді бұл жігіт Жамбыл облыстық телерадиокомпаниясының бас продюсері Қаржаубай Сыдықназаров болатын. Анкылдаған азамат. Қашан да қағылез, зыр жүгіріп, тыным таппай жүргені.
— Жәйша ма, Қаржеке? Журналистер шу ете түсті.
— Жәй болушы ма еді, жігіттер!.. Генерал Токтар Әубәкіров ағамыздың өзі рұқсатын берді, экипаж ұшуға дайын... тележурналистер тікұшақ арқылы мынау болып жатқан тамашаны төбеден түсіреміз, — делі Қаржаубай мырза енді маңғаз кейіп танытып. Тез арада бір-екі телеоператор асай-мүсейін түгендеп аркалап, газет журналисінен жалғыз жергілікті газет тілшісі Көсемәлі Сәттібайұлының «бағы жанды»... оларға бірнеше балақай қосылып, тікұшаққа бет алды. Қаржаубай ардагер ақсақал, күні бүгін 70 жасқа толған Социалистік Еңбек Ері Асанбай Асқаровты

Көкпарды көрейік, көк аспанның жүзінен. Батырдың өзі атынан түсіп, ұсыныс жасап тұрғанда, қарап қалмайық. Бұл өзі, Алла сәтін салса, қайталанбас оқиға болғалы тұр!

«Дір-дір» етіп от алып, дауысы жерді тітірентіп жіберген алып тікұшақ мерекелі ауылдың үстінен көлбей ұшты. Бәйге шапқан аланды, көкпаршылар доласының үстінен қиып өтуді де ұмытпай, екі рет шенбер жасап айналды. Алып болған соң тез бұрылуы да қиындық тудырды ма екен, әйтеуір, соно-одай жерге одағайлап барып айналып келген тікұшақ әуелгі орнына жеп-жеңіл топ етіп, қайта қонды.

...Ақбоз үйдің ішінен Батыр да шықты көпшіліктің қошемет-құрметіменен. Шат-шадыман Жуалы жұрты ауылдарына әдейі ат басын бұрып, мереке үстіне мереке қосқан Қазақтың тұңғыш ғарышкеріне тік тұрып, ұзақ қол шапалқтады. Қаумалап жүріп көлігіне мінгізіп, шығарып салды. Әскери тікұшақ орнына лып етіп жеңіл көтеріліп, самғай жөнелгенде бұл құбылысқа таңдай қағып «апырайласып» та қалды көпшілік. Тікұшақ көздің ұшына жеткенше барша қауым қол бұлап қарап тұрды.



ШЕРАҒАНМЕН АСТАНАҒА БАРҒАНДА

Мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтатқан Парламенттің депутаты Шерхан Мұртаза ағамыз ол тұста «Егемен Қазақстан» газетінде Бас редактордың кеңесшісі қызметін атқаратын.

Әлі есімде... Астанаға тілшілер көшін Самат Мұса, Қарашаш Токсанбай, Ғабит Мүсіреп сынды жалынды жастар бастап барып, қызметке кірісіп кеткен. Редакция — Алматыда. Астананың туған күні қарсанында бас редакторымыз Уәлихан аға Қалижан, кеңесшісі — Шераға, тілшілерден Серік Жұмабекулы, Шахан Сәбек және мен арнаулы нөмір шығарудың жайымын ел астанасын бетке алып, жолға шығатын болдық. Қуаныштымыз... Бірақ Бас редактормен бірге ұшаққа алған билетін өткізіп, «қайтар бағытта ұшайын» деген Шерхан аға бізбен, тілшілермен бірге Астанаға пойызбен баратын болды. Үш жігіт үрпийсіп «Шерағамен бір купеде... бір жарым күн Астанаға дейін жүр ғой Шерағам, жастығыңа емес, деп қобалжығанымыз да бар сонда. Маусым айының басы. Жер-жаһанның бейне біздің сапарымызды күткендей-ақ сондағы масаыдай құлпырғанын көрсеніз! Төртеуімздің де көзіміз терезеде. Дәлірек айтсам, біздер купе терезесінен сайын далаға тесіле қарап отырған Шерағанның жанқүйерлеріміз. Шерхан ағаның жалындаған жастық шағында «Лениншіл жастың» Қарағандыдағы меншікті тілшісі болғанынан хабардармыз. Алматы мен Астананың арасында ұшақпен ұшудайын ұшып жүр ғой Шерағам, жастығының елесі Сарыарқаның төсінен пойыз жолмен бір қнып өткісі келген-ау шамасы! Ол дөңгелеңе жылжыған сардаладан көз алмай, тесіліп ұзақ қарады. Үн жоқ. Біз де үнсізбіз. Не ойлады екен, өз-аға...

«...Қазақстанның қазіргі картасына қарасаң — кетік-кетік. Шеті-шетінен әлдекімдер бір-бір кесіп өткендей. Егер сол кетіктерді ойша қалпына келтірсен — біздің территория циркульмен сызғандай дөп-дөңгелек. Ал сол циркульдің инесі қадалған жер дәл ортасы — Ұлытау!» Шірке-ен, Шераған жазады-ақ қой! Байқаппыздығы — шексіз, шетсіз! «Бұрынғы хандар мемлекет ордасын Ұлытауға бекер орнатпаған. Қашықтық Қазақстан шартарабына бірдей. Қазақ тайпаларының



көсемдері Ұлытауда өз таңбаларын текке қалдырды дейсіз бе?» Шерағанның Парламенттен сөйлеген сөздері, БАҚ арқылы айтқандары мен жазғандары ел аузынан түспей жүрген кез. Ашық тұрған купенің есігінен біз жаққа көзі түскен жолдаушының үлкені бар, кішісі бар, кідірмегені жоқ, ішке бір бас-сұқпай өтпейді. Өтіп кеткендері қайтып оралады. «Ассалаумаулейкум, Шераға... Байқап қалдым да,

— Астанаға дейін» деп аталатын публицистикалық толғауы көтеріп кетті! Газеттің бірінші бетінде Қазақстан картасына жаңадан енген «Астана» жазуымен айшықталған панорамалық сурет жарияланды. Президент Ақордасы жайласқан бұрынғы облыстық партия комитетінің ғимараты мен Парламент Үйіне айналған бұрынғы облыстық кеңестер үйінің мүмкіндігіңше әрленген сұлба-суретін қазіргі

өлшем-таразысымен салмақтап көру де қызықты әсер қалдырап еді. Қалай дегенде де, Қазақстанның жаңа астанасының болашақ жөн-жобасы мен бағыт бағдарламасы осы ғимараттардың ішінде қолдау тауып, жүзеге асқаны ақиқат емес пе?! 2-ші бет пен 4-ші бетті еңсеріп жазылған сөз зергері Шерағамның ел астанасының кешегісі мен бүгінгісін қара сөзбен жырылай кеп, оның көкжиек кеңістігіне, батыл болашағына барлау жасағаны көп ойды аңғартып тұрды. Толғауды тебіренбей оқу мүмкін емес-тін. Бір кездегі КСРО басшысы Хрущевтің Целиноградқа келген сәтінде жағымпаз партия функционерлерінің мемлекет басшысын қала маңындағы фермадағы Хрушев деген шошқа бағушымен жүздестіргенін мысқылмен түйреп, қызықты етіп жазған Шерхан Мұртазаның кейінгі жылдар кезеңінде Ресей тағына отырған Борис Ельциннен халықаралық пресс-конференция үстінде алған сұхбаты да жан-дүниенді сілкіткер еді.

«Ол кезде «Егемен Қазақстанның» бас редакторы едім. Ельцинге сұрақ қойдым.

— Аса құрметті Борис Николаевич! Ресейдің Сіздің алдыңыздағы Президенті Қазақстанның солтүстіктегі 5 облысын Ресей Федерациясына қосу туралы әрекет керек екенін айтып кетті. Сіз осы пікірді қолдайсыз ба, жоқ па?

— Ешқашан да қолдаймын! — деп Ельцин қатты айқайлап жіберді. — Ресейдің Қазақстанға ешқандай территориялық талабы, дауы жоқ!» деп естелік жазған қаламгер аға одан ары қоғамның көз алдында қазар өтіп жатқан ұлы өзгерістерге былай баға берді: «Таяуда Астанаға барып қайттым. Қаланың қак ортасындағы Парламенттің он алты қабат биік үйінің төбесіне лифтімен көтеріліп, жан-жағыма көз салдым. Айнала қым-қуыт қызған жұмыс. Астана жаңадан салынып жатыр, ескілері жанарып жатыр. Егер бүкіл Қазақстан дәл осындай қарқынмен жұмыс істесе, шіркін, республика тез-ақ өркендеп кетер еді-ау деген ой келді. Астананың қазағы да көбейе бастапты. Тәуба дедім. Хрущевтар, Горбачевтар енді өкірендеп тепсіне алмас дедім. Солтүстіктен шаншудай қадалатын суық ызғар да жұмсарған сияқты. Бұрынғыдай бүгежектеу жоқ. Адамдардың кеудесі керік, бастары тік. Қайда қарасаң да, Көк Ту биіктен-биіктен желбірейді. Әрине, тырнақ астынан кір іздеген адамға олпы-солпы әр жерден-ақ табылады. Бірақ оның бәрі ретке келетін болғандықтан ұсақтап, қазалап жату қажетсіз.

Бүгін — Тұсаукесер тойы. Аршындай бер, алдындай бер, Астана!» ...1998 жылдың 10 маусым күні Қазақстан халқы ел ордамыз — Астананың тұсаукесер парадын жасады.

Сол салтанатты ұлықтау алдында Шерағаммен Астанаға бірге барған тарихи сапарымыз арада ширек ғасыр өтсе де, еш ұмытылмақ емес. Шіркін, Шераға!

Талғат СҮЙІНБАЙ, Алматы
Суреттерді түсіргендер:
Ерлан ОМАР, Юрий БЕККЕР,
Нұрманбет ҚИЗАТҰЛЫ



бірдей топтанып, осылай қарай бет түзеді. Адымдай басқан алып тұлғалы Халық батырының айналасындағы мәз-мейрам боп шуылдасқан бала-шағаның қуанышын көрсені! Қайталанбас көрініс! Бұл кезде тойлы ауыл жактан ақсақалдар алға шығып, жастар жағалап дегендей, көпшілік қаумаланып, осылай қарай жақындап қалған жайсаң Батырды қарсы алуға дайын тұрған...

Тосыннан келіп, төбеден «дік» етіп түскен тікұшақ пен оның танымал жолдаушысы Токтар Әубәкіров қайраткер-жазушы Шерхан Мұртаза тойының шырайын ашып жібергендей... Жұрттың бәрімен

қолтығынан демеді. Кеңес Одағының ең жоғарғы марапаты — «Ленин» орденін кеудесіне бес мәрте таққан қайраткердің Бішкек түрмесінен босанып шыққанына әлі жыл толмаған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына «ұйымдастырушылық» қатысы бар деп жазықсыз жала жабылып, Мәскеу тергеушілерінің зәбірін көрген қайсар жанның ақталуына Шераған басқарып отырған «Егемен Қазақстан» газетінің қосқан таудай үлесі барын көзі қаракты оқырман жақсы білетін...
— Жүрініз, Асанбай аға! Шерағамның тойына туу төбеден қарап, бір тамашалап қайтайық.



Қазақтың біртуар ұлы Шәмші Қалдаяқовтың әндері қандай танымал болса, оның өміріне деген қызығушылық та әлі күнге дейін бөсеңдер емес. Ол туралы талай мақала жарияланды, кезінде сырлас болған, бірге жүрген дос-жарандары естелік жазды. Қаншама кітап жарық көрді, кино да түсірілді. «Шәмші» деген журнал шығатыны өз алдына.

Ал соңғы шыққан ауқымды туынды — Шәмші Қалдаяқов туралы тұңғыш фотоальбом жинақ. Композитор өмірінің фотошежіресі, ән мәтіндері, тұтыңған заттары мен киімдерінің тарихы, көзкөргендердің жылы естеліктері, сарғайған суреттер — бәрі де осы кітаптан табылады.

Жоба авторы, әйгілі композитор Қалдыбек Құрманәлиев кітапқа жазған алғysөзінде былай дейді: «Шәмші әндері бірер күндік өткінші дүние емес, мәңгілік мұра. Оның ғаламат кісілік келбетін де, ғажайып әндерінің сырын да жан-жақты зерттеп-зерделеуіміз керек. Қазақтың маңдайына біткен марқасқаларының мұрасын насихаттай білудің өзі де — үлкен өнер. Оның үлесінен шығу үшін сол тұлғаны жан-жақты зерттеп, жақсы біліп, жан-жүрегімен беріле сую қажет».

Оқырман назарына осы кітапта жарияланған белгілі сатирик Көпен Әмір-Бектің естелігін ұсынып отырмыз.

Қазақстан Республикасы Букмекерлерінің өзін-өзі реттеу ұйымы Алматыдағы әлеуметтік жағдайы төмен мектеп оқушыларын жаңа оқу жылымен құттықтады.

Жуырда Қазақстан Букмекерлерінің өзін-өзі реттеу ұйымы (БӨРҰ) Алматыдағы тұрмысы төмен отбасындағы мектеп оқушыларын Білім күнімен құттықтады. Бұл шара букмекерлік ұйымдардың өкілдері ұйымдастырған ауқымды қайырымдылық акциясы болды. Шара «Білім күнімен!» деген атаумен өткізілді.

Акция аясында көмекке мұқтаж және көпбалалы отбасынан шыққан 50 балаға оқу құралдары мен рюкзак сыйға тартылды. Осы шараны өткізуге БӨРҰ өкілдеріне Алматы өкімдігінің қызметкерлері мен «Қазақстан волонтерлер лигасы» қолдау көрсетті.

Қазақстан Республикасы Букмекерлерінің өзін-өзі реттеу ұйымының жетекшісі Ғалымжан Дуамбеков өз сөзінде былай делі: «Қауымдастық мүшелерінің қолдауымен балаларды Білім күнімен құттықтап, азын-аулақ сыйлық жасауға мүмкіндік туғанына қуаныштымын. Әлеуметтік жауапты бизнес өкілдері ретінде, қоғамды дамыту мен қолдау көрсетуге бағытталатын әлеуметтік жобалардың маңызын біз жақсы

Дара тұлға

ҚЫРЫҚ ТИЫННЫҢ ЕРЕКШЕ ХИКАЯСЫ

2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдық тойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтердің қарсаңында Жамбыл облысының әкімі Серік Үмбетов маған Шәмші Қалдаяқов жөнінде кітап жазуға ұсыныс жасады. Сөйтіп әкіммен келісімге келдім де, жоспарымды реттестіріп, 2002 жылы «Шіркін, Шәмші!» деген 18 баспа табак, таралымы 5 мың дана кітапты Тараз тойына тарту еттім.

— Сен Шәмшімен кездестің бе? — деді Серік Әбікенұлы.

— Кездестім. Студент кезімде бетпе-бет бірінші рет көрдім. Мен он тоғыздамын. Шөкен отыз тоғызда. Қазіргі Парламент Мәжілісінің депутаты Гұлжан Қарақұсованың әкесі Жанпейіс Қарақұсов ағай «КПСС тарихынан» лекция оқитын. Орысша, қазақшасы бірдей, аса сауатты үстаз еді. Кейде лекцияның орнына ақын-жазушыларды ертіп әкеліп, қызықты кездесулер ұйымдастыратын. Күллі студент жан-жақтан қозыдай жамырап, сан алуан сауал тастаймыз. Ол кезде атакты ақын-жазушыны тірідей көру — біз үшін үлкен мәртебе. Сондай бір кезеңде Жанпейіс аға Шәмші Қалдаяқовпен кездесу өткізді.

— Ағай, туған жеріңізді айтыңызшы? — деді тіл мен жағына сүйенген Өмірәлі курстасымыз.

— М.мен негізі Сарықамыста туғам! — деді. Сәл-пәл тұтығыңқырап сөйлейді екен.

— Сарықамыс қайда? — Ш... Шәуілдірдің манайында. — Шәуілдір қайда, ағай? — деп Өмірәлі тықтақтап қоймады. — Арыс өзенінің жағасында. — Ал Арыс өзені қайда? — Ш...Шымкенттің ар жағында. — Шымкент ше? — Арыстың бер жағында.

Шәмші ағаның жібектей есілген жауабына бәріміз ду күлдік. Кейін «ҚазГУ қайда?» деп сұрағандарға «Главпочтамт жанында» дейміз. «Главпочтамт қайда?» десе «ҚазГУ-дің қасында» деп Шәмші

ағаның желісімен желдіртетін болдық.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Түсте сабақтан шығып келе жатсам, Ленин ескерткішінің түбінде Мұқағали Макатаев екеуі сөйлесіп тұр екен. Жүгіріп барып сәлем бердім.

— Әй, сары бала, — деді Мұқағали аға. — Анау фотограф орысты бері алып кел. Суретке түсейік, сен бала тарихта қаласың.

«Менен өткен дарын жоқ!» деп кеудемізде нан пісіп жүрген кез. «Ойпырмай, Мұқағали аға менің тарихта қалатындай талантымды байқаған екен-ау!» деп іштей тасыдым.

Ленин ескерткішінің маңында мойнына фотоаппаратын асып алған орыс шалмен сөйлессем, суретке түсудің бағасы 1 сом 80 тиын екен. Қалтамды қаксам, 1 сом 40 тиын ғана бар. 40 тиын жетпейді. Енді не істеймін? Әрі-бері жалынсам, көнбейді. Көнбейтін де жөні бар, ол кездегі базардың нарқы бойынша 40 тиынға екі қойдың басын сатып алуға болатын. Мойным салбырап, ағаларыма қайтып келдім.

— Не болды? — деді Мұқан.

— Фотоға түсуге 40 тиыным жетпей қалды, — дедім күмілжіп. Шәмші аға сәл жымыып:

— Онда жететін жерге барайык! — деді «Кооператор» жакты иегімен нұсқап. Опера театрының алдында «Кооператор» деген дүкенде қызыл шарапты стаканға құйып сататын. Сонда келдік. 200 грамм бір стакан вино 40 тиын екен. Қысылатын не бар. Фотоға жетпеген 1 сом 40 тиыным, шүкір, шарап алуға жетіп-ақ тұр.

...Қазір соған өкінем! Ішім удай ашиды. Шіркін-ай, сонда 1 сом 80 тиынын болғанда ғой, екі ағаммен суретке түсіп, тарихта қалатын ем.

Бұйырмаған дүние!

(«Шәмші» журналы. 2010 жылғы мамыр. №5)

қайырымдылық сый-тартуы дер кезінде таратылып, балалардың өз қолына тапсырылды».

Сонымен қатар, ол осы шараны өткізуге атсалысқан жандардың еңбегіне тоқталды.

«Жоғары сыныптың оқушысы Айнұр Ғабдірахимнің еңбегі ерен. Жобаны іске асыру үшін ол бір күннің ішінде еріктілердің басын

«Балалар - еліміздің болашағы»

мұнымен тоқтамаймыз.

Қауымдастық қолдауымен қайырымдылық жұмыстарын жалғастырамыз.

Біз «Білім күні»

акциясы арқылы қоғам назарын тұрғындардың әлеуметтік жағдайы нашар тобына аударғмыз келді. Сондай-ақ биыл балаларға қамқорлық жасаудың маңызы зор: Мемлекет басшысы 2022 жылды Қазақстандағы балалар жылы деп жариялады. Алдағы уақытта біздің бастаманы отандық бизнестің өзге де өкілдері іліп әкетіп, мұқтаж балаларды қамқорлықсыз қалдырмайды деген үміттеміз. Бүгін мен «Қазақстан волонтерлер лигасының» еріктілеріне айрықша алғысымды білдіргім келеді. Олардың өз ісіне деген жауапкершілігі арқасында

қосып, ұйымдастыра алды. Сол үшін де оған деген алғысымыз шексіз. Сондай-ақ Алматы қаласының әкімдігіне әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындар туралы мағлұмат беріп, ұйымдастыру жұмыстарын атқарғаны үшін зор ілтипатымды білдіремін. Жеке өз атымнан оқушыларды жана оқу жылының басталуымен құттықтап, оларға достық ықылас, қызықты оқиғалар мен



үздік бағалар тілеймін. Акция аясында сыйға тартылған оқу құралдары оқуына септесіп, балалардың болашағына қосылған үлесіміз болады деп үміттенемін», — деді Ғалымжан Дуамбеков.

Жобаға қатысушылардың бірі, жас белсенді, «Қазақстан волонтерлер лигасының» үйлестірушісі Айнұр Ғабдірахим қазіргі кезде балаларға жәрдем берудің маңызды екенін атап өтті. «Білім күні» акциясына қатысқаныма қуаныштымын. Бұл оқушылардың мектепке дайындалуына көмектесіп, оқу алдында қуаныш сыйлауға үлес қосуға мүмкіндік берді. Балалар — еліміздің болашағы. Осы шараны өткізіп, жан жылуын сыйлаған ұйымдастырушыларға мың алғыс. Бәріңізге сәттілік тілеймін!», — деді ол.

Айта кету керек, бұл шара Қазақстан Букмекерлерінің өзін-өзі реттеу ұйымының көптеген қайырымдылық бастамаларының бірі ғана. Ұйымның толық атауы — «ҚР букмекерлік және лотереялық бизнестің өзін-өзі реттеу қауымдастығы» ЗТБ (заңды тұлғалар бірлестігі). Қауымдастық әлеуметтік, меценаттық және қайырымдылық шараларды жүргізумен қатар, ойын бизнесін реттеу және мемлекеттік сектордың букмекерлік бизнеспен өзара іс-қимылына халықаралық тәжірибені енгізу ісіне де қатысуда. Одан басқа, БӨРҰ букмекерлік кенселердің клиенттеріне бәс тігудің қаншалықты ықпал ететінін зерттейді. Ұйым осы бағытта жауапты ойын қағидасы мен беттингтің заманауи тәжірибесін енгізуді көздеп отыр. Бұл өз кезегінде спортқа болжам жасаушылардың ойынға тәуелділігінің алдын алуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Дегенмен

МЫСАЛ: Дегенмен, әлі де осы бағытта атқарар жұмыс жетерлік.

Дегенмен, бірақ, себебі т.б. шылауларынан кейін кідіріс болғанмен, үтір қойылмауы керек.

ДҰРЫСЫ: Дегенмен әлі де осы бағытта атқарар жұмыс жетерлік

Дейтұрғанмен

МЫСАЛ: Дейтұрғанмен, әркім өзі тандайды.

Дейтұрғанмен — қарсылықты мағынаны білдіретін жалғаулық қызметінде қолданылған. Алайда бұл сөз екі көмекші етістіктен тұрады: *дей* және *тұрғанмен*. Бұлар біріге алмайды. Қазақ тіліндегі сөздіктердің ешқайсысында тұтас бір сөз, бір орфограмма ретінде көрсетілмеген.

ДҰРЫСЫ: Дей тұрғанмен

Диханшы

МЫСАЛ: Өз басым «жер» деген сөзді естісем, диханшы есіме түседі.



«Дикан» сөзі қазақ тілінде бұрыннан «егінші, егінді күтуші» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзге зат есім тудыратын *-шы* жұрнағын жалғап, туынды сөз жасаудың негізі жоқ еді. Бірақ ертеректе жасалған *диханшы* сөзі жарыса қолданылып келеді. Бұл атау белгілі қалам иелерінің шығармаларында жиі кездеседі. Соған қарамастан, дикан сөзін қолданған жөн.

«СӨЗТҮЗЕР».

Кате қолданыстар сөздігінен

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяков көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — № 1093;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзегін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.